

## Біржолғы талондардың құны туралы

### *Күші жойғал*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 шілдедегі N 5/33-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 тамызда N 2614 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11/71-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 11/71-V шешімімен (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының

36 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз ауданындағы базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Аягөз ауданындағы базар аумағындағы қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, базарларда тауарлар өткізу, (дүңгіршектерде, стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандардан алынатын бір жолғы талондардың құны 2 қосымшаға **с ә й к е с б е к і т і л с і н .**

3. Аягөз аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 мамырдағы № 4/25-V «Біржолғы талондардың құны туралы» шешімінің күші жойылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен **с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*А. Шакиров  
Т. Бозтаев*

Аягөз аудандық мәслихатының  
 2012 жылғы 13 шілдедегі  
 № 5 / 33 - V шешіміне  
 1 қосымша

**Базарларда тауарлар өткізу, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондар құны**

р/с	Базардағы қызмет түрлері	Бір жолғы талонның бір күндік құны (теңгемен)
1	Азық-түлік тауарларын сату	275
2	Өндірістік тауарларды сату	250

Аягөз аудандық мәслихатының  
 2012 жылғы 13 шілдедегі  
 № 5 / 33 - V шешіміне  
 2 қосымша

**Базарлар аумағындағы қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, базарларда тауарлар өткізу, Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандардан алынатын бір жолғы талондардың құны**

р/с	Базардағы қызмет түрлері	Бір жолғы талонның бір күндік құны (теңгемен)
1	Газеттер мен журналдар сату	58
2	Тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет) сату	113
3	Бақша дақылдарын, саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	207
4	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату	126
5	Сыпыртқылар, сыпырғылар сату	116
6	Орман жидегін сату	243
7	Бал сату	230
8	Балық сату	549
9	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	144
10	Үй жануарларын бағу	300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК